T.C.
EGE ÜNİVERSİTESİ REKTÖRLÜĞÜ
Türk Dünyası Araştırmaları Enstitüsü Müdürlüğü

18.06.2025

"8D02304-Edebiyat çalıştırmaları" eğitim programının doktora öğrencisi Akbota Kenjekozhayeva'nın Felsefe doktoru (PhD) derecesini almak için sunduğu "Kazak ve Türk Halk Edebiyatında Kozhanasir İmgesi" doktora tezi çalışmasına yurtdışı danışmanının

GÖRÜŞÜ

Akbota Kenjekozhayeva'nın "Kazakh ve Türk Halk Edebiyatında Kozhanasir İmgesi" başlıklı sunulan doktora tezi, yüksek bilimsel değeri, güncelliği ve ortak Türk kültürel mirasının araştırılmasına sunduğu önemli katkısı ile öne çıkmaktadır.

Yazar tarafından seçilen konu yalnızca bilimsel açıdan değil, aynı zamanda geniş bir kültürel ve medeniyet bağlamında da büyük önem taşımaktadır. Kozhanasir figürü, tüm Türk halklarının manevi ve zihinsel dünyasıyla ayrılmaz bir şekilde bağlantılıdır. Halk anlatı geleneğinde derin kökleri olan bu imge, halk bilgeliğinin, ince mizahın, yaşama sevincinin ve toplumsal olaylara yönelik eleştirel bakışın evrensel bir sembolüdür Kozhanasir, yerel isim ve varyantlardan bağımsız olarak, Türk dünyasının temel değerlerini temsil etmekte ve halkları ortak kültürel hafıza çerçevesinde birleştirmektedir.

Tezin güncelliği küreselleşme koşullarında ortak Türk mirasının yeniden değerlendirilmesi ve kimlik, gelenek ile kültürel kod konularına artan ilgi bağlamında önem kazanmaktadır. Özellikle, Kazak folklorunda Kozhanasir imgesinin şimdiye dek kapsamlı karşılaştırmalı bir analiz çerçevesinde yeterince incelenmemiş olması, Akbota Kenjekozhayeva'nın çalışmasının bilimsel yeniliğini açıkça ortaya koymaktadır. Yazar, Kazak malzemesini daha geniş Türk halk edebiyatı bağlamına başarıyla entegre ederek, çağdaş Türkoloji'deki önemli bir boşluğu doldurmuştur.

Tez; yüksek teorik donanımı, metodolojik bütünlüğü ve zengin kaynak kullanımıyla dikkat çekmektedir. Yazar; sözlü anlatılar ve etnografik verilerden, yazılı klasik eserlere ve modern bilimsel yayınlara kadar geniş birincil ve ikincil kaynaklara dayanmaktadır. Farklı varyantları karşılaştırma, kalıcı motifleri ve yerel özellikleri belirleme becerisi, yazarın karşılaştırmalı halkbilimi yöntemine hâkimiyetini açıkça göstermektedir.

Araştırmanın yapısında belirgin bir mantıksal bütünlük vardır: Kozhanasir imgesinin tarihsel-genetik analizinden Kazak geleneğindeki ulusal dönüşümlerine ve ardından kültürlerarası karşılaştırmaya geçilmiştir. Bu yaklaşım, hem yerel algı farklarını ortaya koymakta hem de Türk halklarının ortak folklor paradigmasını belgelemektedir. Özellikle değerli olan ise yazarın Kozhanasir'ı durağan bir figür olarak değil, zamanla gelişen, yaşayan ve toplumsal değişimleri yansıtan bir kültürel fenomen olarak değerlendirmesidir. Tezin bilimsel değeri, geleneksel halkbilimi sınırlarını genişletmesi ve Türk kültür alanında kültürlerarası ve etniklerarası diyaloğa katkı

sunmasında yatmaktadır. Bu çalışma, hem teorik açıdan derinlikli hem de pratik açıdan anlamlı olup, arketipik imgelerin yorumlanmasına yönelik sağlam yöntemler önermektedir.

Sonuç olarak belirtmek isterim ki Akbota Kenjekozhayeva bilimsel gerekçelendirme, derinlik, özgünlük ve akademik dürüstlük açısından tüm akademik gereklilikleri tam anlamıyla yerine getirmiştir. Tez konusunun güncelliği, çalışmasının akademik ve kültürel değeri ile araştırmasının yüksek kalitesi dikkate alındığında kendisinin «8D02304 - Edebiyat çalıştırmaları» eğitim programı kapsamında felsefe doktoru (PhD) unvanı almak üzere tez savunmasına katılma hakkını içtenlikle onaylıyor ve destekliyorum.

Ege Üniversitesi Türk Dünyası Araştırmaları Enstitüsü emekli öğretim üyelerinden Prof. Dr. Fikret Türkmen'in, "Kazak ve Türk Halk Edebiyatında Kozhanasir Imgesi" adlı doktora tezi ile ilgili görüşü yukarıdaki gibidir.

Ege Üniversitesi
Türk Dünyası Araştırmaları Enstitüsü Müdürü
Prof. Dr. Abdullah Temizkan

Emekli öğretim üyesi Prof. Dr. Fikret Türkmen _____ imza

ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ
Еге университетің ректораты
Түркі әлемі зерттеулер институтының дирекциясы

18.06.2025

Докторант Ақбота Кенжеқожаеваның «8D02304 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Қазақ және түркі фольклорындағы Қожанасыр бейнесі» атты диссертациялық жұмысына берілген шетелдік кеңесшінің

ПІКІРІ

Ақбота Кенжеқожаеваның «Қазақ және түркі фольклорындағы Қожанасыр бейнесі» тақырыбында ұсынылған докторлық диссертациясы жоғары ғылыми маңызға және өзектілікке ие, әрі бұл жұмыс түркі халықтарының ортақ мәдени мұрасын зерттеу ісіне қосылған қомақты үлес деп есептеймін.

Автор таңдаған тақырып ғылыми тұрғыдан ғана емес, сондай-ақ, мәдени-өркениеттік мәні бойынша да аса маңызды. Қожанасыр – күллі түркі халықтарының рухани-менталдық кеңістігі арасында берік байланыс орнатқан әдеби қаһарман. Оның бейнесі фольклорлық дәстүрде терең орнығып, халық даналығын, ирониясын, өмірлік көзқарастарын және әлеуметтік шындықты сыни қабылдаудың бірегей символына айналған. Қожанасыр бейнесі өзінің түрлі өңірдегі есімдерінің алуан түрлілігі мен көп нұсқалылығына қарамастан, түркі әлемінің негізгі құндылықтарын басты бағдар ете отырып, халықтардың біртұтас мәдени жады аясындағы ынтымақтастығын нығайтады.

Зерттеудің өзектілігі қазіргі жаһандану жағдайында бірегейлік, дәстүр мен сабақтастық, мәдени код секілді келелі мәселелерге қызығушылықтың жандануы түбі бір түркі халықтарының мұрасын қайта пайымдауды қажет ететініне негізделген. Қазақ фольклорындағы Қожанасыр бейнесі салыстырмалы талдау шеңберінде осы уақытқа дейін жеткілікті деңгейде зерттелмегенін баса айтқым келеді. Яғни бұл жұмыс осы олқылықтың орнын толтырып, зерттеудің ғылыми жаңалығын айқындайды. Автор қазақ фольклорлық материалын түркі фольклорының ауқымды контексімен сәтті интеграциялап, қазіргі түркі әдебиетін тағы бір маңызды еңбекпен толықтырды.

Ұсынылған жұмыс теориялық дайындығының жоғары деңгейімен, әдіснамалық дәлдігімен және деректер қорының бай болуымен ерекшеленеді. Диссертант халық ауыз әдебиеті мен этнографиялық жазбалардан бастап, жазба мәтіндер мен қазіргі ғылыми басылымдарға дейінгі дерекқорларды пайдаланып, бастапқы және кейінгі дереккөздерге ауқымды шолу жұмысын жүргізген. Тұрақты фольклорлық мотивтер мен жергілікті ерекшеліктерді

анықтап, Қожанасыр бейнесінің түрлі нұсқалары мен интерпретацияларын салыстыру барысында қол жеткізген нәтижелері ізденушінің бұл әдісті жоғары деңгейде меңгергенін көрсетеді.

Зерттеу құрылымы логикалық бірізділікті және жүйелілікті сақтаған, алдымен Қожанасыр бейнесіне тарихи-генетикалық талдау жасалған, одан соң қазақ әдебиетіндегі трансформациясына тоқталып, мәдениетаралық контексте салыстыру жұмыстары жүргізілген.

Мұндай тәсілдеме ұлттық қабылдау ерекшеліктерімен қатар түркі фольклорының жалпы парадигмалық ерекшеліктерін де анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ізденуші Қожанасырды архаикалық бейне ретінде ғана емес, тарихи және әлеуметтік-мәдени өзгерістерге сай бейімделе алатын жанды әрі даму үдерісіндегі мәдени феномен ретінде қарастырады.

Диссертацияның ғылыми маңыздылығы – түркі фольклортану ғылымының көкжиегін кеңейтіп, біртұтас түркі мәдени кеңістігінде мәдени-әлеуметтік диалогты жаңғыртуы. Жұмыс фольклордағы архетиптік бейнелерді интерпретациялау барысында ғылыми негізделген тәсілдерді ұсына отырып, теоретикалық тереңдігі мен практикалық дәлелдері арқылы ерекшеленеді.

Қорытындылай келе, докторант Ақбота Кенжекожаева ғылыми дәйектілік, теориялық білім, түпнұсқалық және академиялық адалдық тұрғысынан академиялық талаптарды толық орындағанын айтып өткім келеді. Диссертация тақырыбының өзектілігін, зерттеу жұмысының академиялық және мәдени құндылығын, жұмыстың жоғары сапасын ескере отырып, оның «8D02304 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған дисертациялық жұмысын қорғауға жіберуге толықтай қолдау көрсетемін.

Еге университеті
Түркі әлемі зерттеулер институтының директоры
Профессор, доктор Абдуллах Темизкан
/қолы бар/

Зейнеткер оқытушысы, профессор, доктор Фикрет Түркмен
/қолы бар/

/мөрі бар/